

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Ашенова Ақмарал Дауренбековна

*«Махамбеттанды» факультатив сабакы
бойынша 7-8-сынып оқушыларына арналған
жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Нұр-Сұлтан – 2021

УДК 374

ББК 09.103.4

Рецензент:

Мұқатаев О.О. педагог мастер, Қазақстан Республикасы «Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

Махамбеттану / құрастырушы-автор: А.Д. Ашенова. – Түркістан облысы, қазак тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі, 2021. – 48 б.

ISBN 978-601-2014-18-4

Құрастыруши автор 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасаған. Бұл – ақберен ақын, дауылпаз күйші, қазак жырының баһадүрі, қазақ поэзиясының алдаспаны М.Өтемісұлы шығармашылығын тарихи оқиғалармен сабактастыра оқытууды мақсат ете жоспарланған авторлық бағдарлама.

УДК 374

ББК 09.103.4

«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «26» ақпандағы №23 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды

ISBN

978-601-2014-18-4

© ҚР «Өркениет» ФО, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «ÓRKENIET» ФЫЛЫМИ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСЫНА
ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензент:

«Órkeniet» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері О.О. Мұқатаев

Құрастыруыш автор:

Түркістан облысы Жетісай ауданы «Амангелді атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Ашенова Ақмарал Дауренбековна**

©Қазақстан Республикасы «ÓRKENIET» ғылыми-әдістемелік орталығы, 2021 жыл

ПІКІР

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі факультатив сабактың тақырыбын «Махамбеттану» деп алып, 7-8-сыныптарға арналған 34 сағаттық авторлық бағдарлама құрастырған. Бағдарламада намысы найзасындай жарқылдаған, казақ жырының баһадүрі, тәуелсіздік жолындағы курес көсемдерінің бірі.

М. Өтемісұлының ерлік пен өрліктің поэзиясына айналған шығармаларымен етene таныстыру жолдары қарастырылған.

Құрастыруши автор Махамбеттану курсының авторлық бағдарламасын жасауда әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы бойынша оқушыларға толыққанды білім беруді көздең, Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиетін сабактастыра қарастырып, ақын басшылық жасаған шаруалар көтерілісі туралы деректерге кеңінен тоқталып өту керектігін ескерген. Әдебиет теориясы бойынша ақын өлеңдеріне поэтикалық талдау жасау жолдарын атап көрсеткен. Сондай-ақ құрастыруши автор бұл еңбекті қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мемлекеттік стандартына сайрындал шыққан және ең бастысы автор пәнді менгертуде оқушылардың жас ерекшелігін ескерген.

Турғинбаева Аширгуль Набиевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шебер педагог.

«№34 Бірлік ЖОМ» КММ

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы

Түсінік хат

Бұқіл XIX ғасыр әдебиетінде
қимыл мен курес жырын
Махамбеттей ғып жырлаған өзгеше
ақын болған емес. «Алды да, арты
да бір өзі сияқты».

Мұхтар Әуезов

Мектептегі «Махамбеттану» факультатив сабағы жалынды ақын Махамбет Өтемісұлының мұрасын оқуға арналады.

Бұл бағдарламаны жасаудағы мақсат – қазақ халқының азаттығы, тенденгі жолында ақ наизасымен, азаткер асқақ жырымен қасық қаны қалғанша қүрескен, тіпті сол жолда құрбан болған әрі батыр, әрі ақын Махамбет Өтемісұлының шығармалары мен өнегелі өмірін сез ете отырып, жас ұрпақты Махамбет жырлары арқылы ерлікке, елін сүюге тәрбиелеу, елге деген шынайы, кіршікіз сезімсіз нағыз адам болудың кын екенін ұқтыру, оқушының рухани-эстетикалық талғамын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, көркем туындыларын тереңдете оқыту. Махамбет шығармаларының көркемдегіш құралдары мол, шеберлігі басым, сондықтан бағдарламада таңдалып алынған шығармалар оқуға, көркем мәтінді менгеру үшін, оқушыны оқырман ретінде қалыптастыру мақсатында ұсынылды. Сонымен қатар талдауга, туындының тақырыбын, идеясын ашуға, ақын ойының астарын ұғуға ұмтылдыру үшін қосымша тапсырмалар әр сабақ барысында жүзеге асырылып отырады. Махамбет жырлары халқымыздың рухани қазынасының баға жетпес байлығы болып саналады.

Қаһарман ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, серпінді сөздері қалың қазактың жүргегіне асау толқу салды, тілегіне қанат бітірді. Оның поэзиясы – қаһарлы да айбарлы, өзіне дейінгі әдебиет өкілдері шығармаларына өзіндік өр рухпен үлес қосқан жауынгер поэзия. Махамбет шығармалары өскелен ұрпақты өз Отанын, туган жеріне деген сүйіспеншілікке, азаттыққа тәрбиелеуде үлкен роль атқарып келеді. Мұғалім бағдарламаны басшылыққа ала отырып, сабактарды түрлендіріп оқыту арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру мәселелеріне ерекше қөніл аудара алады.

«Махамбеттану» курсы 7-8-сынып оқушыларына арналып, аптасына 1 сағат, жылдық сағат саны 34 сағатқа жоспарланды.

Курстың мақсаты:

- Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы мағлұмат беру.
- Шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық өзектілігін ұғындыру, өлеңдерінің құндылығын таныту.
- Көркем туындыларын тереңдете оқыту арқылы адамгершілік, адалдық, патриоттық, әділеттілік сияқты асыл қасиеттерге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Курстың міндеті:

- Жас үрпаққа ақынның өмірін дәріптеу арқылы ақын шығармашылығының тарихын аша отырып, окушылардың білімдерін бір жүйеге келтіру;
- өлеңдерінің идеялық-тақырыптық мазмұнын ашу;
- шығармашылық жұмыстар арқылы окушылардың таным белсенделілігін, өзіндік ізденісі мен ой қорыту қабілеттерін дамыту;
- окушылардың патриоттық сезімдерін дамыта отырып, шешендікке баулу;
- ақын шығармаларына деген қызығушылығын ояту;
- окулық пен қосымша деректерді пайдалануға, өз пікірлерін қорғап, ақын поэзиясын насхаттап, әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру;
- ақын бойындағы адамгершілік, ұлтжандылық, ерлік қасиеттерін үлгі ету арқылы өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу;

Мамандыққа бағдарлау: тіл маманы, әдебиетші, журналистика, тарихшы.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, Әдебиет, философия, география, шешендік өнер, поэзия, қанатты сөздер.

Үйымдастыру формалары: Оқулықпен жұмыс, мәнерлеп оқу, топтық жұмыс, зерттеу жұмысы, ізденіс сабак, мәнерлеп жатқа оқу, рөлге бөліп оқу, ән айту, көріністер көрсету, т.б.

Курстың өзектілігі:

Азаттық үшін алысқан, ел үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет поэзиясын оқыта отырып, оның өлеңдерінің, рухы биік жырларының өміршендігін, құның мәңгі жоймайтын, үрпақтан – үрпаққа үлгі болар тәрбие өнегесі, ерлік мектебі, Отанды сүюдің, шындықты тайсалмай айттар ерліктің ұраны екенін түсіндіру. Ақын поэзиясын терең сезініп, жаттап өскен жас жеткіншек жүртшын елдікке бастап, қайсібір жұмыр

басты пендениң болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ.

Оқушыға қойылатын талаптар:

- ақын өлеңдерінің табиғатын менгере отырып, мәтінді талдап оқуға және пікір алысуға ұсынылған шығармаларды өз бетімен оқып, мұғалім басшылығымен зерделеп менгеруі, пайымдап оқу, дұрыс оку дағдыларын игеру;
- ақын шығармашылығының негізгі тақырыптары бойынша ой түйіп, өлеңдер мен прозалық туындылар үзінділерін жатқа айта білу;
- ақын өлеңдерін құрылышына талдап үйреніп, поэзия туралы мол мағлұмат алып, шығарма табиғатына сай мәнерлеп оқуға дағдылану.

Оқу материалдарын тақырыптық жоспарлау

I. Махамбет өмірімен танысу (3 сағат)

1. «Өтемістен туған он едік»

Өтемістен туған он: Бекмағанбет, Махамбет, Тоқтамыс, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ісмайыл, Сүлеймен, Досмайыл.

Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа қонғанда,
Жер кайысқан қол едік,-

деп ақынның өзі жырлағандай, Махамбеттің бауырларының көбі кескілескен майданда немесе көтерілістен кейінгі құғын-сүргінде қаза тапқан т.б. деректермен таныстыру.

2. Махамбет Өтемісұлының шежіресімен танысу.

Махамбеттің әкесі – Өтеміс сөзге шешен әрі батыл адам болған. Тұмысынан өжет мінезді Махамбет әуелде мұсылманша жазу-сыйзыды үйреніп, артынан орысша саят ашады. Шешендігімен, ақындығымен ел аузына ерте іліккен Махамбетті Жәнгір хан өз жанына тартуға тырысып бағады, ақынды ордасына алдырып, тұңғышы Зұлқарнайының тілін орысшаға үйретеді. Махамбет 14 жасында әкесінен айрылады.

Махамбет жириен шашты, сақалы қара, кейіпсіздеу адам болыпты. Бірақ онысына қарамай, біреудің мінін айтқанда кім болсын тұра алмастай қылышп кетеді екен.

Батырдың денесі Индер көлінің маңындағы Қараой деген жерде көмілген, казіргі таңда ол жерде Махамбетке кесене тұрғызған.

3. «Махамбет – тәуелсіздік жаршысы». Бостандық жолындағы қурестің киындығына төзудің өзі поэзияға айналып кеткендей әсер береді. Ал төзім дегенде уақытпен өлшенетін ұғым, яғни женіске жеткенше төзу. Оның поэзиясы – қаһарлы да айбарлы, өзіне дейінгі әдебиет өкілдері шығармаларына өзіндік өр рухпен үлес қосқан жауынгер поэзия. Махамбет шығармалары өскелең ұрпақты өз Отанын, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, азаттыққа тәрbiелеуде үлкен рөл атқарып келеді.

II. Махамбеттің жыр жебесі (8 сағат)

4. Махамбет өлеңдері – отаршылдыққа қарсы көтерілістің айнасы.

Махамбет – көтеріліспі елдің ақыны болды. Ол ақсүйек, феодалдарға

карсы күрескен қазақ еңбекшілерінің арманын, ойын, мұнын жырлады. Оның үгіттік лирикасына такырып болған да осы халықтық мәселелер. Оның үгіттік қүшінің де қандай дәрежеде екенін айқындайтын ерекшелік те ақынның өлеңдеріндегі жүртшылық тілегімен қабысып жатқан идеясымен қабысуында. Жауынгер батыр, тек қана қылыш, найзамен ғана жауға шапқан жоқ, ол өзінің жалынды өлеңдерімен де дүшпаның найзадай түйреп, езілуші халықтың ой-сезімін оятты. Бұл жолда оның өлеңдері талптырмас құшті құралдың бірі болды. Өзі үгітшілік, өлеңдері үгіт рөлін атқарды. Бірақ Махамбет өлеңдері жай ғана үгіт емес, ойға, сана-сезімге эстетикалық азық боларлық дәрежеге көтерілді.

5. Махамбет – ауыз әдебиетінің, жыраулар әдебиеті өкілдерінің заңды жалғасы, оны асқан шеберлікпен, ұшқырлықпен дамытушы.

«Махамбет атты батырмын...»

Махамбеттің 80-ге жуық өлеңі бар. Мұрасының көбі бізге жетпеген. Оның өлеңдерін шәкірті Куан жырау жатқа білген екен. Одан Мұрат Менкеұлы үйренген. Одан Іғымман Шөреков жаттаған. Бірқатар өлеңдерін жинаған ақын – Шәнгереі Бекеев.

Ең алғаш Махамбет өлеңдері 1908 ж. Қазан қаласында «Мұрат ақынның Ғымарқазы углына айтқаны» дейтін жинақта жарық көрген.

Махамбет хат біле тұрса да, оның бізге жазып қалдырган өлеңдері жоқ. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігі ауызба-ауыз, сұрыпсалмалық әдісімен шығарылған өлеңдер. Өлеңді керекті жерінде сұрыпсалып айту – қазақ ақындарына дағдылы әдет. Мұның әуелгі себебі хат білмеушіліктен, кейін біртіндең оған дағыланушылықтан десе, Махамбет те сұрыпсалмалыққа жас шағынан талаптанып, әдettengenге үқсайды.

Махамбет өлеңдері көбіне жыр ағымымен келеді. Сұрыпсалма ақындардың бірен-сараны болмаса, көп өлеңдерін жыр ағымымен шығарады. Эрине, бұл сөзден 11 буынмен өлең шығарушы сұрыпсалма ақындар (импровизаторлар) болмайды екен деген ұғым тумауы керек.

Махамбеттің өзі де Исадаймен тендес, тұла бойы ерлікке толы биік тұлға.

Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шарт түйген,
Құм сағыздай созылған,
Дұлығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп куанған,
Мен Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын, -

Махамбеттің ер де, ер мінезі ақынның осы бір шумақтарында асқақтай көрінген. Мұнан қас батыр, тартылмай сөйлер ақын бейнесі қапысыз танылады. Ол «Атадан тұған аруақты ер, жауды көрсе жапырар», «үдей соққан дауылдай» қаһарлы ер бейнесінде көрінеді.

6. Махамбет поэзиясы – өз дәүірінің шындығы. Махамбет ақын – ұлт азаттығы үшін қурескер тарихи тұлға ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде саналады. Сондай қоғам қайраткерлігімен бірге, өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін тұған халқының мұнын жоктауға арнаған ардақты ақын.

7. «Исатай – басшы, мен – қосшы» Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр бейнесі мен ақынның өз бейнесі. Махамбет – халық көңілінің тұндырындағы ең асыл арманын – еркіндікті, теңдікті жырлап, оған басын тігіп, қол бастаған Исатайдай батырдың әдебиетте бұрын-соңды болмаған бейнесін сомдаған дауылпаз ақын, ел тәуелсіздігі жолында бірге қуреске шыққан «алмас қылыш» батыр. Өр рухты, жауынгер ақын «Есіл ер», «Исатай деген ағам бар», «Еділ үшін егестік», «Тарланым» т.б. өлеңдерімен батырдың асыл бейнесіне мәнгілік ескерткіш орнатқанын үғындыру.

8. Шыгарма. «Қап түбіне сыймаған қара болат мен едім». Оқушыларға шыгарма-толғау жаздыру және талдау.

«Қасарысып келгенде,
Қап түбіне сыймаған,
Кара болат мен едім!
Тепсам жілік сындырған,
Қыран бүркіт мен едім!-

деп өзегін жыртқан ақын атамыздың ерлігін елі ұмытпай, ұрпағы өз жүргіне ұлықтаса құба-құп. Ер Махамбет бізге рухымызды көтеру үшін жаһанданудың жетегіне жығылып, жасыған ұрпақты сілкіп, санастың сергіту үшін қажет екенін түсіну.

III. Дауылды жылдардың жалынды жыршысы (7 сағат)

9. «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш серmedік».

Махамбетке «Ереуіл атқа ер салдырған да», «егеулі найза колға алдырған да», «беркініп садақ алдырған да» сол – «қара қазан, сары бала қамы үшін». Оларды «толарсақтан саз кештіріп» жүрген де сол қарындағы қамы – ел қамы.

Махамбет – халқын сүйген, халық мұңын жырлаған, елім деп еніреген ақын.

10. Махамбеттің әлегиялық өлеңдері.

Махамбеттің кейбір өлеңдерін, әсіресе, оның өмірінің соңғы кезіндегі шығармаларын әлегиялық өлең деуге болады. «Абайламай айрылдым», «Нарын» және басқа сол сияқты өлеңдер өткенді еске түсіруге арналған жан қасіретін көрсететін, ақынның жалғыздық қайғысын, тарыққан көңілін білдіретін әлегиялық мотивті өлеңдер.

Махамбеттің әлегиялық өлеңдері – аса суретті, тамаша, көркем туындылар. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр халдердің айнасы болды.

Әлегиялық өлеңдеріндегі көркем образдардың қайсысын алсақ та, ақынның айтайын деген негізгі идеясына бағыныңқы. Исадай өлгеннен кейін күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұltан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басындағы ауыртпашилықты күштейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі әлегиялық өлеңдердің негізі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенделік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түнілмеуге шақырып, болашаққа сенушіліктер бар. Міне, осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді.

11. Шығармашылық жұмыс. «Толарсақтан саз кешіп» тақырыбында окушыларға шығарма-толғау жаздыру және талдау.

12. «Боз ағаштан биік мен едім». Ақынның сүйікті образы – туған жерде тамырын теренге жайған емен бейнесіндегі көкпен таласқан «Боз ағаштан биік» батыр. Оның жайқалған жасыл желегі айналасындағы өзге тіршілік иелеріне пана болып, өмірдің ыстығы мен сұзығынан, хан қысымы мен жат езгісінен қорғап тұрады. Ақын қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырып болған «Қос өзен» - Еділ мен Жайықтың жағасына да, арасына да «ел қондырып, мал толтырмак» болады. Туған топырағы Нарынды «еліне құтты қоныс», «еріне қасиетті алтын бесік» болса екен деп армандайды.

13. Махамбет ақын, батыр ғана емес, жыршы, қүйші.

Махамбет қүйші-сазгер әрі домбырашы да болған. Олай дейтініміз – Махамбеттің «Жорық», «Жайық асуы», «Қайран Нарын», «Исадайдың Ақтабаны-ай», «Кішкентай», «Ақтабан», «Жұмыр қылыш», «Өкініш»,

«Өттің дүние», «Қиял күгіні» т.б. күйлері бар.

Махамбет мұраларының мазмұн-тақырыбын, ондағы әралуандылық сипаттарды шебер күйші, сазгерлігі де соны қырынан байытып, толықтыра түседі. Күйші Қаршыға Ахмедияровтың «Шашақты наиза, шалқар күй» атты кітабын, ондағы «Қайран, Нарын», «Арысты аңсау», «Жұмыр қылыш», «Жорық», «Өкініш» т.б. күйлердің асқақ айбынынан тағылымды тарихты, өмірдің өшпес өрнектерін таразылап көрсетеді.

14. Дауылды жылдардың жалынды жаршысы.

Махамбет поэзиясы – саф таза тілімен, от-жалын шешендік интонациясымен, көркемдік шеберлігімен, жоғары ақындық мәдениетімен, ұлттық дүниетаным терендігімен, суреткерлік қолтанбасымен өзгешеленеді.

Батыр ақын шығармашылығындағы негізгі идея – **қазақ халқының өз еркіне өзі ие азат Тәуелсіз ел болуы**. Халық ұғымындағы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай» тіршіліктің ақынның сара санаасындағы бейнесі «Еділдің бойы ен тоғайды жағалай қонған елдің» тоқшылықта, ынтымактастықта берекелі тұрмыс кешуі, бейбіт өмір сүруі түрінде көрініс табады. Азамат ақын танымында «Еркін ел ғана – Ел!», ал бұғаудағы бодан ел – «маныраган қой».

15. «Мұңайма», «Айныман» өлеңдері.

«Мұңайма», «Айныман» деген өлеңдері – мазмұнына түрі сай жалынды үндеу сөздер. Махамбеттің досын мақтап, дұшпанын даттап шығарған өлеңдерінің мазмұны күрес идеясын жыр ету болса, құрылышы шешендікке толы үгітке арналған отты, өткір сөздер болып келеді де, сейлемдері қаратпалы, сұраулы сейлемдерге құрылады, не жарлай арнау, не сұрай арнау немесе риторикалық сұрау болып отырады. Мысалы үшін, «Мұңайма» деген өлеңін алайық:

Ханның ісі қатайды,
Азамат ерден мал тайды,
Қанды көбе киініп,
Бір Аллаға сиынып,
Ұрандал жауға тигенде,
Кім женері талай-ды,
Жолдастарым, мұңайма!.. - дейді ақын.

Мұндағы «азамат, жолдастарым» деп достарына қайырыла сөйлеу, сөйлемін риторикалық сұрау түрінде құру, өзінің айтайын деген пікіріне дәл, күреске үндеу тілегіне сай.

IV. Өмірі қысқа, мұрасы мәңгі Махамбет (Ақын өлеңдерінің зерттеделуі) (16 сағат)

16. Махамбет өлеңдерінің қөркемдік, стильтік ерекшеліктері.

Махамбет өлеңдерінде романтизм элементі жиі кездеседі. Оның жауынгерлерді елін, жерін қорғау үшін қаншама қындыққа, аштыққа, шөлге, төзімділікке шақыратын жігерлендіретін рухани күш беретін өлеңінде ақын жауынгерлерді куреске шакырады. Өлеңнің дыбыстық қайталануы да өлең саздылығын күшету, ойды үстене мақсатында орынды пайдаланған. Көсемше тұлғалы етістіктің қайталануының өзі өлең саздылығына ерекше ыргақ береді.

Ақын поэзиясының түп қазығы: елі, жері, халқы үшін қасық қанын қиятын ер керектігін жырлауы.

Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай, еңку-енку жер шалмай», - деген жолдарынан, керемет жылдамдық пен уақытты, кеңістіктің көргендей күй кешесіз.

17. Махамбет афоризмдері.

Махамбет өлеңдері нақылдық сипатымен де ерекшеленеді. Бұл ақын тілінің шешендігінен де болса керек. Махамбет өлеңдері шешен тілді ширықкан рухына орай, тілге женіл, оралымды. Көкейде тез жатталып қалатындығы да оның нақылдық сипатында. Махамбет өлеңдеріндегі кейбір нақылдардың түп-торкіні ежелден бар халық мақалдарында жатыр деуге болады. Мысалы, «Біткен іске сыншы көп, піскен аска жеуші көп» деген халық мақалын ақын былай түрлendіреді:

Біткен істің міні жоқ,
Бітірген ердің кемі жоқ.
Тура ажалдың емі жоқ.

Соңғы тармақ «Ажал айтып келмейді» дейтін халық мақалымен де үндеседі.

Махамбет өлеңдері айшықты афоризмдердің қоймасы іспетті. Махамбет афоризмдерінің өзі бастаң кешкен өмір шындығынан туғандығы айқын. Әсіреле, оның жауынгерлік, ерлік өмірден түйген есінет-нақылдарынан биік адамгершілік, отансүйгіштік рух танылады. Махамбет афоризмдері осы ерекшелігімен де мәнді.

18. Махамбет поэзиясының өзге тілдерге аударылуы.

Ақын шығармашылығы мен ақын туралы жазылған бірсыныра көркем туындылардың бұл күнде орыс, украин, татар, тәжік, түркімен, латыш, эстон, қыргыз, т.б. қоптеген бұрынғы Кеңес одағының территориясында

тұратын тағдырлас халықтардың, сондай-ак, соңғы жылдары қоян-қолтық араласа бастаған туысқан түрік халқының тілдеріне аударылғаны мәлім. Қазіргі таңда ағылшын, неміс тілді елдер де өзінің таңдаулы аудармашыларына ақын шығармаларын тәржімалауды мақсат етіп отыр. Ұлы Абай мен М.Әуезовтің шығармаларын француз тіліне аударған Абылай хан атындағы әлем тілдері университетінің ұстазы Фалымжан Мұқановтың Махамбетті французша сөйлетуін ел сүйсінерлік жай ретінде айта кетуді орынды деп білеміз.

19. Махамбет өлеңдерінің құрылышы.

Махамбет өлеңдерін буыны жағынан қарастырсақ, үш түрлі өлең құрылышы барлығы аңғарылады. Он бір буынды, жеті буын мен сегіз буын араласып келетін жыр ағымы, таза жеті буынды өлеңдер.

Он бір буынды Махамбетте бір-ак өлең. «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай». Басқа өлеңдерінің бәрі де не 7 мен 8 буыннан, не таза 7 буын болып келеді. 7-8 буын аралас келетін өлең түрлері: еген жолдарында буын сандары өлеңнің жалпы құрылышынан бөлекше келгендіктен, олқы соғып отыр деп кім айта алады? Өзінің өрлік, ерліктерін көрсету үшін ол жауының алдында тек солай сөйлеуге ғана тиісті тәрізді.

Махамбет өлеңдерінде (11 буынды, қара өлең үйқасымен келетін бір-ак өлеңін есепке алмағанда) үш түрлі үйқасты кездестіреміз: шұбыртпалы, кезекті, ерікті үйқастар. Ақын, көбінесе, шұбыртпалы үйқас пен ерікті үйқасты көбірек қолданады. Өйткені бұл екі үйқастың екеуі де ақынның айтайын деген ой-пікірін дәл беруге ыңғайлы, белгілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, үйқасты өлеңдерден шенбері тарлық етпейтінге ұқсайды.

«Жалғыздық» өлеңі жалғыздықтан жабыгу, әділдіктің жоқтығына, замананың қындығына налу, өкіну. Исатай қазасынан кейін жалғыздықта бой алдырған шақта жазған өлеңі. Өлеңнің құрылышы: 6 тармақ, 8 буынды, 2 бунақ, шұбыртпалы үйқасқа құрылған өлең.

20. Махамбет – жыраулық дәстүрді жалғастыруышы.

Махамбет жырларында батысқа тән төкпе жырдың айқын үлгісі көрінеді. Оның жырларын жайбарақат майда үнмен сабырлы мақаммен оқығаннан гөрі, төкпелетіп, екпіндептіп жеделдете оқу анағұрлым әсерлі болмақ. Көтеріліс жылдарында Махамбеттің жауынгерлерді жігерлендіріп, ерлікке, батырлыққа үндейтін шығармаларының маңызы зор болды.

Махамбет қоныраулы найзасын қолға алып, Исатай басшының сенімді серігі әрі көтеріліс жылдарындағы асқақ үнді жыршысы деңгейіне көтеріледі.

Азаттық үшін куресті өмірінің мәніне айналдырган Махамбет ақын, батыр ғана емес, керемет жырши, күйші, «Қырымның қырық батыры» сияқты дастандарды шаршамай-талмай жырлайтын тамаша әнші де болған деседі.

21. Махамбеттанушы ғалымдар. Махамбеттің тарихи тұлғасы.

Соңғы қорытынды тақырыптың эпиграфы ретінде «Әр күннің қорытындысы кешке, ал өмірдің қорытындысы аяқталғанда шығады» деген халық даналығын ала отырып, ақындық жағынан да, азаматтық жағынан да ел тарихында биіктен көрінген Махамбет ақын туралы үйірме бойынша алған білімі жинақталып қорытылады.

22. М.Өтемісұлының шығармашылығының зерттелуі.

Махамбетке арналған көптеген кітаптар жазылды: «Өттің дүние», «Махамбеттің жебесі», «Исатай – Махамбет», «Егеулі найза» Алматы қаласы, «Махамбет Өтемісұлы» т.б. «Махамбеттанудың» негізін салған Халел Досмұхамедов, оны әрі дамытқан Қажым Жұмалиев туралы мәлімет беру т.б.

23. Ж.Молдагалиев «Махамбет қабірі басында».

Жыл сонында дауылпаз ақын, ержүрек батырдың тарихи тұлғасын окушы жадында қалыптастырып және тәуелсіздікті дәріптеу мақсатында жерлес ақын Ж.Молдагалиевтің «Махамбет қабірі басында» өлеңі оқылып талданады.

Жермен жексен, шөп басқан төмпешіктен
Көз ала алмай түрмиз біз көп кешіккен
Құдірет ақын басында бір құлпы тас,
Аптап дала, ай дала көкке өшіккен.
Әркім толқып, томсарып әр ойда түр.
Әр жүректе от жырдан арай да түр
Ерлік пенен қылмыстың қуәсіндей,
Мың қызырып-бозарған Қараой жатыр...

24. Шығарма. «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы». Окушыларға шығарма-толғау жаздыру және талдау.

«Ғұмыры қыска, мұрасы мәңгі Махамбет» F.Әнес.

Әрі ақын, әрі батыр Махамбет!
Ұрпаққа ұран есімің бұл бүгінде,
Сендей ер жоқмынау жердің жүзінде,
Ерлігінді қайталаған Қайраттай
Жас ұрпағың көбейеді түбінде...

25. Сынақ сабак. «Ерлік философиясы». Ақын шығармашылығына байланысты тест тапсырмалары орындалады.

«Махамбеттану» факультатив сабагының күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

Аптасына – 1 сағат. Жылдана – 34 сағат

I	Махамбет өмірімен танысу			
1.	«Өтемістен туған он едік»	1		«Бес ғасыр жырлайды»
2.	Махамбет Өтемісұлының шежіресімен танысу	1		Б.Аманшин «Махамбет тағдыры» «Махамбет Өтемісұлының шежіресі»
3.	«Махамбет – тәуелсіздік жаршысы »	1		Т.Әлімқұлов «Қарой» әңгімелер жинағы. Сейіт Қасқабасов «Махамбет – тәуеліздік жаршысы»
II	Махамбеттің жыр жебесі			
4.	Махамбет өлеңдері – отаршылдыққа қарсы көтерілістің айнасы	1		Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романы.
5.	Махамбет – ауыз әдебиетінің, жыраулар әдебиеті өкілдерінің заңды жалғасы, оны асқан шеберлікпен, ұшқырлықпен дамытуши. «Махамбет атты батырмын»	2		М.Әуезов «Махамбеттің ақындығы», «Әдебиет тарихы» шығармалар жинағы 15-том.
6.	Махамбет поэзиясы – өз дәүірінің шындығы. 1836-1838 жылдардағы көтеріліс жайлы.	2		«Бес ғасыр жырлайды» «Біз ер едік» (жинак) 2003 жыл.
7.	«Исатай – басшы, мен – қосшы» Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр бейнесі мен ақынның өз бейнесі	2		Жұмат Тілепов «Батырдың биік тұлғасы». «Қазақстан мектебі», №3, 1992 ж.
8.	Шығарма «Қап түбіне сыймаган қара болат мен едім»	2		Зинол-Ғабден Бисенгали «Махамбет поэзиясы – дара құбылыс»
III	Дауылды жылдардың жалынды жыршысы			

9.	«Қара қазан, сары бала камы үшін қылыш сермедік»	1		X.Сүйіншалиев «Алып күштің ақыны». «Зерде»
10	Махамбеттің элегиялық өлеңдері	1		Т.Медетбеков «Алтыннан соқса да, бұғаудың аты бұғай». 2002 жыл.
11	Шығармашылық жүкмис «Толарсақтан саз кешіп»	1		Әнес Сарай «Толарсақтан саз кешіп». – «Парасат», 2003, №9.
12	«Боз ағаштан биік мен едім»	1		«Бала Махамбеттен – азаттық жыршысы Махамбет Өтемісұлына дейін»
13	«Шашақты наиза, шалқар күй» күйлер жинағы жайлы. Махамбет – ақын, батыр ғана емес, жыршы, күйші.	2		«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2003 жыл, №6.
14.	Дауылды жылдардың жалынды жаршысы	2		З.Қабдолов «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы» «Парасат». - 2003 жыл, №9.
15.	«Мұңайма», «Айныман» өлеңдері	1		«Бес ғасыр жырлайды»
IV	Өмірі қысқа, мұрасы мәңгі Махамбет. (Ақын өлеңдерінің зерттелуі)	1		З.Қабдолов «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы». - «Парасат», 2003, №9.
16.	Махамбет өлеңдерінің көркемдік-стильдік ерекшеліктері.	1		Әнес Сарай «Толарсақтан саз кешіп». - «Парасат», 2003, №9
17.	Махамбет аффоризмдері	2		X.Сүйіншалиев «Алып күштің ақыны». «Зерде»
18.	Махамбет поэзиясының өзге тілдерге аудары- лұы.	1		З.Қабдолов «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы» «Парасат». – 2003 жыл, №9.
19.	Махамбет өлеңдерінің құрылышы	1		Зинол-Ғабден Бисенгали «Махамбет поэзиясы – дара құбылыш»

20.	Махамбет – жыраулық дәстүрді жалғастырушы	1		
21.	Махамбеттанушы ғалымдар Махамбеттің тарихи тұлғасы	2		З.Қабдолов «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы» «Парасат». - 2003 жыл, №9
22.	М.Өтемісұлының шығармашылығының зерттелуі	1		«Бес ғасыр жырлайды»
23.	Шығарма «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы»	1		Ж.Молдағалиев «Махамбет қабірі басында»
24.	Сынақ сабак. «Ерлік философиясы»	1		

Барлығы: 34 сағат.

Сабак үлгілері

I. Сабақтың тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы «Қызығыш құс» өлеңі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік. М.Өтемісұлының ақындық шеберлігін таныту, оқушылардың танымдық біліктілігін арттыру.

Дамытушылық. Оқушылардың сын түргысынан ойлаудың оку мен жазу арқылы дамыту.

Тәрбиелік. Оқушылардың елін, жерін, Отанын шексіз суюге, қорғауга тәрбиелей отырып, Махамбет бойындағы ерлікті, ақындықты оқушы санаасына ұялату.

Сабақтың әдісі: RWST («Ой шақыру», «Венн диаграммасы», «Кубизм», «INSERT», «5 жол өлең») т.б.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, биология.

Сабақтың жабдығы: маркер, сындырма бетше, электронды оқулық.


Сабақтың жүрісі:


I. Ұйымдастыру.

II. Жаңа сабак

Махамбет Өтемісұлы туралы билетіндерін жеке қағазға түсіруге 3-4 минут.

Жұпта талқылау. Топта бөлісу. Ортақ пікірді тақтаға жазу.





Махамбет – халқын сүйген, халық мұнын жырлаған, елім деп еніреген ақын. Махамбет поэзиясы өз дәуірінің, сол кездеңі қанауга қарсы көтерілген шаруалар көтерілісінің айқын үні. Отанын сүйген **патриот** – өлеңдерін көпшілік мұддесі үшін жұмсаған, еңбекші шаруалардың жыршысы. Езуші таптың жауыздығын тайынбай әшкерелеп өткен реалист. Өмірінің ақырығы минутына дейін жақсылықты алдағы өмірінен күтіп, үрпақтарды хан, патша, би, сұлтандарға қарсы құреске шакырып кеткен романтик. Ол – асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстасы, ерлікке үндейтін жалынды үгітшісі.

- Ендеше, балалар, патриот деп қандай адамды айтамыз?

Патриот – өз Отанын, халқын, жері мен сүйген шынайы сүйетін, халық мұддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.

Тақтаға сабактың тақырыбы жазылады. «Қызығыш» сезінін түсініктеме беріледі. **Қызығыштай** – қызығыштай қорыды, (корғады) – қорғаштады, ара түрді.

Жапан далада тізгінін бос тастап, бір салт атты кісі келеді. Бойында асынған қару-жарагы бар, қабагы салыңқы. Рені жабырқау. Бұл өзі кешелері қол бастап, жалаң қылышпен жай отындей жарқылдаپ, хан жасағын, патша әскерлерін жапыра, ат ойнатқан кісі еді.

«Тәнірім салса, не амал бар!» Агалап алдында ұстаған, бүкіл ел ардақтысы, көтеріліс басшысы батыр Исадай о дүниелік болған.

«Қаумалаған қарында» та енді қасында жоқ, жападан жалғыз, жапан түзде арыған атының тізгінін бос салып, аяңдап келеді. Аты тоқтап, әудем жердегі жарқыраған суға тігіле қарап қалыпты. Қөл үстінде құс біткеннің зәресін қашырып, бір қарайған жүйткіді. Тәжірибелі жолаушы оның лашын екенін білді. Ол ойын жиды-оу, бұл таныс көлдің тұрақты құзетшісі – бір қызығыш бар еді ғой! Ол қайда? Сейткенше болған жоқ, салт аттының көзі төбесінде шырылдаған қызығыш құсқа түсті. Бейшара-ай, ә! Ал мұның өзінің, батыр Махамбеттің, халі қалай бұл күнде?!

Мұның «қөлі» - елі қайда, бұл неғып айдалада арыған атымен жалғыз келе жатыр? О, тәубе, көл қорыған қызығыштың да, ел қорыған ер Махамбеттің де тағдыр талайы бірдей екен-ау ! Осыған ұқсас бірдене buquerqueн да болған сиякты еді ғой ... Жо-жоқ. Ақын өзінің бір толғауын есіне түсірді.

Көшер еді-ау біздің ел,
Сонау Еділден бергі жатқан жердейін.
Қонар еді-ау біздің ел,
Арқада қоныс төлдейін,
Нұралыдан қалған көп тентек
Бұлдірмеген еді елімді

Лашын құс, бүркіт шайқаған көлдейін, -

деген болатын. Нак соның кебі келіп түр ғой, «Ереуіл атқа ер салмайдығы» айтқандары да айнымай алдынан шыққан. Ақындық болжам сөздің өститіні бар... Ақынның ерні жыбырлап, көзі тағы да төбедегі шырылдаған титімдей құсқа түсті.

Ау, қызығыш құс, қызығыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызығыш құс, қызығыш құс,
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорыған сен едін,
Сен де айрылдың көліннен.
Аспанда ұшқан қызығыш құс,
Сені көлден айырған -
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған –
Хан Жәнгірдің екпіні.
Айтып, айтпай немене?
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні.

Иә, бәрі айна қатесі жоқ, тап осылардай. Осылайша тек қазақ

поэзиясындаған емес, әлемдік поэзиядағы да бір әлегиялық ғажайып көркем өлең дүниеге келді. «Тұған жерге кіндігінен байлаулы болмаса (Ф.Қайырбеков) , бірі – басқа жерді жерлеп, екіншісі – басқа көлді көлдеп, қағаны қарық, сағанағы сарқ жүре бермес пе еді».

(Оқушыларга мәнерлеп оқыту)



Көрнекілік арқылы өлеңнің идеясына тоқталу.

- Махамбеттің «Қызығыш құс» өлеңінде ақынның еліне, халқына деген сүйіспеншілігі, Отанына деген сезімі тамаша өрнектелген.

Ақын адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра егіздеуді шебер қолдана отырып, қызығыш пен өз тағдырын салыстырады. Қызығыш құстың қөлсіз тіршілігі болмаса, ақынның туған елінсіз, туған топырағынсыз тіршілігі жок.

Махамбет көл қорыған қызығыштай елі үшін отқа түседі. Қызығыш құстың жауы – лашын, ал Махамбеттің жауы – Жәңгір. Елінен айырып, құғынға ұшыратқан да – Жәңгір.

Көрнекілік: Адам және табиғат



Сондықтан да ақын:

Аспанда үшкан қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың тәпкіні ;
Мені елден айырған –
Хан Жәнгірдің екпіні –

деп, қас жауының кім екенін айқын аңғартады. Немесе :

Айтып – айтпай немене ?!
Құсалықпен өтті ғой ,
Махамбеттің көп күні !!! –

деп, елі үшін қабыргасы қайысады, құсалықпен күн кешеді.

Сөздікпен жұмыс.

Құсалық – құса болғандық (уайым , шер) , қасіретке батушылық.

Құстар галереясы

Қызғыш – желкесінде қара қауырсынды айдары бар , кішкентай қоңыр ала құс.

Лашын – тәпкіні қатты тегеурінді құс.

Топтық жұмыс

- Махамбеттің тағы да басқа қандай өлеңдерінен құстар бейнесін көре аламыз?

«Софыс» (Қызығыштай болған асыл ер)

«Арғымақтың баласы» (Сұнқарлар үлгі алар деп)

«Мұнар күн» (Лашын құфа төңген күн)

«Орай да борай қар жауса» (Лашын, сұнқар жұн төксе, далада қалған сүйек деп, шеніне қарға жолар ма)

«Аймақ көл» (Егізімнен айырылып, мен де бір аққу болдым халықтан соң)

«Қаршыға деген бір құс бар» (Қаршыға деген бір құс бар, қанаты айдың астында)

(Осы өлеңдерден оқушылар үзінді оқып, мысал келтіреді, құстарды мысал оқып болғаннан кейін құстарды тақтаға іледі)

- Махамбет поэзиясында самғай үшқан, шүйілген, еріксіз егіліп, мұңға батқан, шырқай көтерілген құстар бейнесі – аса жиі бейнеленетін көркем образ.

Ендеше, Махамбет өлеңдерінен аккудан қызғыш құсқа дейінгі аралықтағы қанаттылар галереясын таба аламыз.

Өлеңге композициялық талдау жасау.
Өлеңді салыстыру.



Шумағы:

Тармагы

Бұныны:

Ұйқасы:

Өлеңдегі бейнелі сөздер:

«5 жол өлең» құрастыру.

1. Махамбет Өтемісұлы
2. Ақберен ақын, адал дос
3. Өлең жазды, күресті, өкінді
4. Сегіз қырлы, бір сырлы
5. Батыр

Бекіту сұрақтары:

1. Махамбет Өтемісұлы қай жерде дүниеге келген?
2. Махамбет қай жерде жерленген? (Қараой)
3. Жергілікті ақын-жазушылардың Махамбетке арнаған қандай шығармаларын білесіндер?
4. Махамбет арманына жетті ме ?

Махамбеттің «Қызығыш құс» елецінен қандай қасиеттерді бойыңа сіңірдің?	Жауабы
Осы қасиеттердің қайсысы қазіргі жастар бойында кездеспейді?	Жауабы

Қызығыш құс
Каршыға

Ақку

Құзғын

Лашын


Сұнқар

Сабакты қорытындылау.

- Бүгінде, құдайға шүкір, заман – біздік! Дәүір де өзіміздікі!
Фасыр да біздің игілік ғасырымыз болуға тиіс.

Ақыры жетті күн бүгін,
Ақырып тендік сұраган.
Түнектің түріп түндігін,
Ат міндің сұлу құладан.

Парызың бүгін өтелген,
Әр ізің жатыр жаңғырып.
Азаттық туын көтерген,
Ақынның жыры мәңгілік!



II. Сабактың тақырыбы: «Махамбет- тәуелсіздік жаршысы»

1. Білімділік:

а) Махамбет шығармашылығының тарихи негіздері туралы оқушылардың білімдерін арттыру.

2. Тәрбиелік:

а) бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азamatтық тәрбие беру;

б) поэзияны сүюге, шешендік сөз, ұлттық намысты қалыптастыру;

3.Дамытушылық:

а) тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйрету;

ә) түсініктерді деректермен, дәйексөзбен дәлелдеуге жаттықтыру;

Бұл сабакта оқушылар Махамбеттің өмір деректері туралы білгендерін айтады және Махамбеттің өлеңдерінен білетін үзінділерін оқиды.

Махамбеттің экесі Өтеміс сөзге шешен әрі батыл адам болған.

Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа қонғанда,

Жер қайысқан қол едік,-

деп ақынның өзі жыrlағандай, Махамбеттің бауырларының көбі кескілесken майданда немесе көтерілістен кейінгі құғын-сүргінде қаза тапқан.

Тұмысынан өжет мінезді Махамбет әуелде мұсылманша жазу-сызууды үйреніп, артынан орысша сауат ашады. Шешендігімен, ақындығымен ел аузына ерте іліккен Махамбетті Жәнгір хан өз жанына тартуға тырысып бағады, ақынды ордасына алдырып, тұңғышы Зұлқарнайының тілін орысшага үйретеді. Махамбет 14 жасында экесінен айырылады

Махамбет жирен шашты, сақалы қара, кейіпсіздеу адам болыпты. Бірақ онысына қарамай, біреудің мінін айтқанда кім болсын тұра алмастай қылып кетеді еken. Махамбет қоңыраулы наизасын қолға алып, Исадай басшының сенімді серігі әрі көтеріліс жылдарындағы асқақ үнді жыршысы деңгейіне көтеріледі

Азаттық үшін құресті өмірінің мәнінде айналдырған Махамбет ақын, батыр ғана емес, керемет жыршы, күйші, «Қырымның қырық батыры» сияқты дастандарды шаршамай-талмай жырлайтын тамаша әнші де болған деседі. Батырдың денесі Индер көлінің маңындағы Қараой деген жерде көмілген, Қазіргі таңда ол жерде Махамбетке кесене тұрғызған.

Исадай мен Махамбеттің Жәнгір ханмен жауласуы, хан ордасын шаппақ болған әрекеті тарихи шындық. Жәнгір хан да сол заманың қайталанбас тұлғасы. Бұларнай кесек, дара тұлғалардың мүдделері, дуниеге көзқарасы әрдайым сәйкес келе бермейді. Қазақ даласындағы азаттықшыл ақыл-ойдың санатында айбынды ақын Махамбет алдымен ауызға ілігеді. Оның жан-жүргегінді түтег баурап алатын өжет те өктем

жырлары әлі күнге сай сүйегінді сырқыратар бостандық дұғасындаі пәрменді естіледі.

Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда-
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім ... – деп ойын ашық жеткізген.

Оның өлеңдерінде көркем сөздер көп кездеседі. Бірақ ақын оларды тек әсемдік үшін ғана қолданбайды, өмір шындығын терең бейнелеу үшін қолданған. Мысалы, мақсатына жете алмай тауы шағылып, қайғылы халге ұшыраған сэттерін:

Телегей теңіз шалқыган
Қоғалы қөлдер суалып,
Тізеге жетер-жетпес күн болған,-

деп кішірейту, құлдырату арқылы әдемі бейнелеген. Ақынның сөз қолданыстары қайталанбайтын ерекше шебер, әрі ұтымды.

Махамбет өлеңдерінде романтизм элементі жиі кездеседі. Оның жауынгерлерді елін, жерін корғау үшін қашама қындыққа, аштыққа, шөлгे, төзімділікке шакыратын жігерлендіретін рухани күш беретін өлеңдерінің бірі- бұл өлеңінде ақын жауынгерлерді күреске шакырады. Өлеңнің дыбыстық қайталануы да өлең саздылығын қүшешту, ойды үстене мақсатында орынды пайдаланған. Көсемші тұлғалы етістіктің қайталануының өзі өлең саздылығына ерекше ырғақ береді.

Жалпы, Махамбет жырларында батыска тән төкпе жырдың айқын үлгісі көрінеді. Оның жырларын жайбарақат майды үнмен сабырлы мақаммен оқығаннан гөрі, төкпелетіп, екпіндеп жеделдете оку анағұрлым әсерлі болмақ. Көтеріліс жылдарында Махамбеттің жауынгерлерді жігерлендіріп ерлікке, батырлыққа үндейтін шығармаларының маңызы зор болды.

Ақын поэзиясының түп қазығы: елі, жері, халқы үшін қасық қанын қиятын ер керектігін жырлауы

Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай, еңку-еңку жер шалмай», - деген жолдарынан, керемет жылдамдық пен уақытты, кеңістікті көргендей күй кешесіз.

«Еңку-еңку» жер баар жолдың айшылық алыстығының әрі ауырлығының да көрсеткіші бола алатынын байқаймыз, «Ереуіл ат » шапшаңдықтың символы ретінде уақыттың да көрсеткіші болып поэтикалық қызмет атқарып тұрганын айтудымыз керек.

Тебінгі терге шірімей,

Терлігі майдай ерімей

Тебінгінің әбден тер сіңіп, шіріп тозатындағы, ал терлігінің майдай іріп, таусылатындағы шаққа жетуін айтқанынан сол заттардың осындай күйге айналу үшін қанша қыс пен жаз, көктем мен күз өтетіндігі, яғни қанша уақыт кететіндігі көз алдымызға келеді. Бұл ат әбзелдерінің бәрі кәдімгі мал терісінен жасалады. Мал терісінің төзімділігі арқылы уақыт өлшемі беріліп тұр.

Міне, енді осындай кескінде берілген уақыттың ішінде адамның өз қара басының қандай күйге түсетінін көз алдыңызға елестете аласыз ба? Махамбет ақын ашығын айтады:

«Өзінен туған жас бала,

Сақалы шығып жат болмай», - деген жолдардағы сурет те уақыттың кескіні. Сен баланың болашақтағы азаттығы, жақсы тұрмысы үшін күресіп жүрсін, ал сол күрестің ұзаққа созылғанынан өз балаң өзіңе жат болып үлгерді. Ақын азаттық үшін күрес бір үрпакты қартайтатындағы ұзақ уақытқа созылса да, мақсатқа жету үшін шыдамдылық керек дегендей. Сол мақсатқа жетудің аралығындағы уақытты ақын «тебінгі терге шірімей» деп белгілейді, «өзінен туған жас бала, сақалы шығып жат болмай» деп белгілейді. Махамбет поэзиясының шынайылығы осындай тұстардан анық көрінеді.

Көтерліске шығар болса, көретін азабының шынайы кескіні поэзияға айналып, күреспердің басына тенетін азапты айтып тұрса да, халықтың күреске шығуға құштарлана түскені халықтың сол шындықтан бойына қуат алғандығы. Қын болса да, шындықтың ашық айтылғанына үйіп, соған қолдау көрсеткені-халықтың боямасыз шынайы қоғамды армандаитының көрінісі. Махамбет халықтың ауыр да болса, шындықты сүйетін осы қасиетіне табан тіреді. Махамбеттің көркем тілімен жеткен ұлы идея өмірге келді және халықтың санасында өмір сүре бастады.

Бостандық жолындағы қүрестің қыындығына төзудің өзі поэзияға айналып кеткендей әсер береді. Ал төзім дегенде уақытпен өлшенетін ұғым, яғни, женіске жеткенше төзу.

Өлең мазмұнын оқы отырып, ат әбзелдерінің атауын табу.

Сөздікпен жұмыс.

ҚОРЫТЫНДЫ. Сұрак: Махамбет кім? (топтастыру ст.)

II. Сабактың тақырыбы: Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр мен ақынның өз бейнесі

1. Білімділік:

Махамбет өлеңдері отаршылдыққа қарсы көтерілістің айнасы екендігін окушы санасына жеткізу, өлеңдерінің мазмұнымен маңызын ашу, әдеби – теориялық үғымдарды ажыратса дағыланыру;

2. Тәрбиелік:

бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру; поэзияны сүюге, шешендей сөз, ұлттық намысты қалыптастыру;

3. Дамытушылық:

өлең талдау дағдыларына, өлең оқу техникасына үйрету;

Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту;

Махамбет шығармаларындағы басты кейіпкер – көтерілістің қолбасшысы, еркіндік үшін басын оққа тіккен Исатай бейнесі ерекше көрсетіледі. 1837 жылғы 15 қарашадағы Тастөбедегі оқиғаны бейнелейтін «Соғыс» өлеңінде:

«Исатай – басшы, мен – қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дұлығасы басында», -

деп шайқас үстіндегі Исатайдың потретін, тұлғасын намысқа қайралған қайсар мінезін сипаттайды.

Ор рухты, жауынгер ақын «Есіл ер», «Исатай деген ағам бар», «Еділ үшін еgestік», «Тарланым» т.б. өлеңдерімен батырдың асыл бейнесіне мәңгілік ескерткіш орнатты.

Адырнасын ала өгіздей мөніреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен
Арыстан еді-ау Исатай...
Арыстан одан кім өткен!

Махамбет халық көңілінің тұннығындағы ең асыл арманын – еркіндікті, тенденциялардың түрлерін, оған басын тігіп, қол бастаған Исатайдай батырдың әдебиетте бүренин – соңды болмаған бейнесін сомдаған дауылпаз ақын, ел тәуелсіздігі жолында бірге күреске шықкан «алмас қылыш» батыр.

«Мұнар күн» өлеңін оқу. Бұл өлең қайғылы эллегияяға толы.

Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн
Бұландай ерді кескен күн,
Буулы тенді шешкен күн

Біздің ер Исатай өлген күн.

Өлең мазмұнынан шығу тарихын, мезгілін жазбай тануға болады.

Исатайдың халық жүргегінде мәңгі сақталатын өр беейнесін көз алдыңа әкелесің.

Махамбет шығармашылығы тұтастай алғанда автордың «сегіз қырлы, бір сырлы» автопортретін жасап, біздің ұлттық менталитетімізге тән ерлікпен елдіктің өшпес рухына айналып отыр. Ұлы сөздің құдіреті осында жатыр. Махамбет өлеңдеріндегі нақтылы обrazдар, кейіпкерлер олардың тіршіліктері жалпы болмысы әрине қайталанбайтын –күбылыс. Ақын өлеңдеріндегі «Меннің» мәні ерекше. Өлеңге жүгінелік.

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде

Еңіреп жүрген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

* * *

Мен құстан туған құмаймын.

Мен шарға ұстаган қара балта едім-

Шабуымды таппай кетілдім.

* * *

Боз ағаштан биік мен едім,

Бұлтқа жетпей шарт сынбан.

* * *

Мен тауда ойнаған қарт марал,

Табаным тасқа тиер деп,

Сақсынып шыққан қиядан.

* * *

Мен кескекті ердің сойымын,

Кескілеспей бір басылман.


* * *

Мен Өтемістің баласы

Махамбет атты батырмын.

Мұндағы «МЕН» – Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің құрлескерлік әлемі. Махамбеттің батыр жүргегі. Осы «МЕН» арқылы Махамбеттің ісі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жаупкершілігі мен дүшпанға өшпенділігі көрініс береді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Махамбет пен Исатай образдарын жинақтау.





III. Сабактың тақырыбы: Махамбеттің тарихи тұлғасы

1. Білімділік:

а) Махамбеттің тарихи тұлғасы туралы оқушылардың білімдерін арттыру.

2. Тәрбиелік: бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азamatтық тәрбие беру⁷

3. Дамытушылық:

тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйрету; түсініктерді деректермен, дәйексөзбен дәлелдеуге жаттықтыру⁷

Қ.Мырзалиевтің портреті көрсетіледі (интерактивті тақтада).

Қайтып орның толарма,

Қаза тапқан ер кіндік?!

Мұндай қымбат болар ма,

Тәуелсіздік!

Еркіндік!

Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесінде жазушы Махамбет тағдырына байланысты тарихқа көз жүгіртеді. Қысқа ғана әңгімендегі Махамбет өміріне қатысты оқиғалар шежіресіне күә боламыз. Тәкен колданысын-дағы тенеулердің бірі кейіпкерлер бейнесін тарихи өмір шындығымен сабактастыра ашып жатса, бірі оның ішкі әлемінен хабар береді.

Әңгімеде жазушы Махамбет өмірінің соңғы сәтінің шындығын психологиялық түрғыда шебер жинақтаған.

Әңгімеге аныздық болмысымен де ерекше. Баяғы заманда Батудың жер

қайысқан қалын қолы осы Қараойдағы ауылдарды көрмей кеткенін, бір кездері Қараойға Ер Тарғын ат шалдырганын айта келе жазушы Махамбеттің туған жеріне деген сүйіспеншілгін, ақынның қиялға толы ой-сезімін білдіреді. Әңгіме барысында Махамбет өткен өмірінің кезеңдерін көз алдына елестетіп, өмір жолына ойша шолу жасайды. Жалғыздықтан көnlі жабырқаған ақын Қараойға қарап сыр шертеді, өмірінде жасаған істерінің он-терісін сарапалап, өзінше баға береді.

Махамбеттің жан қиналысын автор былай береді: «Махамбет тілге келмей кетті. Бірақ талайға шейін жүрегі дұрсілдеп, миы шыңылдан, бүкіл өмірін көз алдынан өткізіп жатты

Қараойдың қойнауында қаралы үй жападан жалғыз қала берді.

Әуес қүйеуін құшақтап, қыздай сыңсыды. Нұрсұлтан етпетеп еңіреді. Жас бала шырылдан үй айнала берді.

Үй маңынан бота боздады. Өрістен енесі аңырады.

Қараойдың үстінде көңқарға мен қызығыш үшшіп жүрді.

Күн батар шақ еді. Қараой қаралы қызыққа толып, дөңгеленіп бара жатты.

Сол түні ай тұтылған...»

Сонымен бірге мұнда қalamгер ұлттық психологиялық ұғымдарды да пайдаланған. Қазақтың ұғымында қатты тыйым салынған ырымның бір-адамның үй айналуы. Бұл қылықтың жамандыққа, қайғы – касіретке көрінетін ырым екендігін білеміз. «Жас бала шырылдан, үй айнала берді» деген сөйлем ауыр оқиганың болып өткенін білдіріп тұрғандай.

«Махамбеттің тендессіз үлкен жүрегі тынымсыз дұрсіл қағумен болды» деген сөйлемдегі «тендессіз үлкен жүрек» тіркесі арқылы жазушы Махамбеттің халқының қамын, жері мен елінің азаттығын ойлап соққан үлкен жүрегін бейнелеп жеткізген.

Қорытынды:

Сабақ соңында дауылпаз ақын, ержүрек батырдың тарихи тұлғасын оқушы жадында қалыптастырып және тәуелсіздікті дәріптеу мақсатында жерлес ақын

Ж.Молдагалиевтің

**«Махамбет қабірі басында» өлеңі оқылады (интерактивті тақтада
М.Өтемісұлының Қараойдағы қабірінің суреті көрсетіледі).**

Жермен жексен, шөп басқан төмпешіктен
Көз ала алмай түрмyz біз көп кешіккен
Құдірет ақын басында бір құлпы тас,
Алтап дала, ай дала көкке өшіккен.
Әркім толқып, томсарып әр ойда тұр.
Әр жүректе от жырдан арай да тұр
Ерлік пенен қылмыстың қуәсіндей,

Мың қызырып- бозарған Қараой жатыр...



IV. Сабактың тақырыбы: Махамбет Өтемісұлының өлеңдері.

Сабактың мақсаты:

- Білімділік:** Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін ұғын-дыру тақырыбы, жанры және маңызы жайында айту.
- Дамытушылық:** патриоттық тақырыптағы өлеңдерді нақышына келтіріп мәнерлеп оқу, өлеңдеріндегі айтпақ ойды табу. Әдеби кітаптар оқуга үйрету.
- Тәрбиелік:** Ерлікке, елдікке, батырлыққа баулу, елін, жерін сүйуге, патриорт болуға шақыру.

Сабактың көрнекілігі: Махамбеттің суреті, тірек кесте буклет, тест пәннелері, плакат, көркем әдебиеттер, газет-журнал материалдары, семантика-лық карта, т.б.

Сабактың типі: бекіту сабагы.

Сабактың түрі: шығармашылық сабак.

Сабактың әдісі: мәнерлеп оқу.

Пәнаралық байланыс: тарих, география.

Сабактың барысы:

I. Үйымдастыру кезеңі

Откен тақырыптарды пысықтау мақсатында Махамбет Өтемісұлының

өмірі мен шығармашылық қызметті жайлы тест сұрақтары.

III. Жаңа сабак:

Жаңа сабактың тақырыбы мен мақсатын айтып, тақтадағы плакатқа түсірілген тірек кесте бойынша Махамбеттің ерлікке, елдікке шақыратын және Исадайға арналған өлеңдеріне тоқталамын.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері

Талдау: Махамбет өлеңдерінің тақырыбы, мазмұны идеясы, көркемдік ерекшеліктері.	Ерлікке, елдікке шақыратын арналған «Мұнар құн» ағам бар» «Ұлы арман» тиді» «Біртіндеп садақ «Соғыс» асынбай» «Мінгені «Ереуіл атқа ер Ақтабан-ай» салмай» «Жалғыз дүние» одан кім «О, Нарын!»	Күрделі мәселе: Исадай деген «Арғымаққа оқ «Тарланым», «Мінген ер», И-дың «Исадай сезі» «Арыстан өткен?»
Әсер етуші факторлар: Халық қамы, ел жағдайы. Үстем тап өкіл-дерінің зорлығы.		Тәжірибе: 1. Тест 2. Жаңа сабак 3. Өзіндік жұмыс 4. Бес жолды өлең 5. шығарма жұмыс

A). Жаңа сабакты пысықтау үшін: Шаруалар көтерілісінің шығу себептері, көтерілістің мақсат-мұраты ақынның қандай шығармаларында көрінгендейгін, сол шығармаларына сүйене отырып талдау жасаймыз.

Ақын шығармаларында Исадай бейнесі қалай сомдалғандығы жөнінде айту. Өлеңдеріне талдау жасай отырып, Махамбет романтизімнің ерекшелік-терін айтып беру.

Жырларда Махамбеттің өз тұлғасы қалай көрінгендігін айту.
М. Өтемісұлы шығармаларының тақырыбы, жанры және маңызы жайында айтып беру.

IV. Ой толғау мақсатында патриоттық тақырыпта «Бес жолды» өлең жазу.

V. Шығармашылық жұмыс: «Ер қандай болу керек?» деген тақырыпта эссе жазғызу.

IV . Сабактың тақырыбы: Махамбеттің әлегиялық өлеңдері

Мақсаты.

1. Білімділік: бүгінгі өскелең ұрпаққа ақынның кім екендігін, оның шығармаларының тақырыбын, мақсатын, тарихын аша отырып, ақынды тағы да жаңа қырынан таныту, өлеңге талдау жасатуды үйрету, өмірге, тарихқа жаңаша көзқарас қалыптастыру, ақын өміріндегі үлтжандылықты ұғындыру.

2. Дамытушылығы: оқулық пен қосымша деректерді пайдалануға, өз ойларын еркін айтуда, өз пікірлерін қорғап, ақын поэзиясын насиҳаттап, әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру.

3. Тәрбиелілік: үлтжандылыққа, батылдыққа, бірлікке, туғанжерін, елін, сүюгө, қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді игерту сабагы.

Әдісі: ой шақыру, ой қозғау, шығармашылық жұмыстар, талдау, мәнерлеп оқу;

Көрнекілігі: ақынның портреті, тақырыпқа арналған слайд, талдау кестелері;

Пәнаралық байланыс: тарих, саз пәні, қазақ тілі;

Жаңа сабак: Махамбет Өтемісұлы «Ереуіл атқа ер салмай»,
«Жалғыздық», «Мұнар күн»

1731жылдан бастап, Қазақстан Ресейдің қол астына қарай бастады. Отаршылдық басталды. Қазактардың жақсы жерлерін тартып алды.

Қазақ халқының өз жеріне, өз еліне билік ету құқы болмады. Сондықтан қазақ халқы Ресей патшасына қарсы соғыс ашты.

«Ереуіл атқа ер салмай» толғаулары көтерілістің алғашкы өрлеу тұстарын бейнелейді. 1837 жылы жеді(караша) жұлдызының 12-сінен 13-іне қараған күні Исадай мен Махамбет Жайықты жарып өткен сон, далаға конады. Күн сүйк боран екен. Дағалаға конып тұрган жүрттың көбі жылы үй, жұмсақ төсек, қызыл шайды аңсаған кезде Махамбет жолдастарын жұбату үшін осы өлеңін шығарған екен. Махамбет елінің ертеңін ойлады.

Шаруалар көтерілісі

1828 – 1829

1836 – 1838

1837 - 1847

Бокей хандығында
көтеріліс басталды.

Ісатай - Махамбет
баставан көтеріліс

Кенесары Қасымұлы
баставан көтеріліс

1837 жыл

Жалғыздыққа сәл
бой алдырған кезең

“Мұнар күн”

“Жалғыздық”

“Ереуіл атқа ер салмай”

«Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінің құрылымы күрделі. Бұл өлең ақынды эпик ақын ретінде таныта түседі. Бірақ өлең құрылымы өте қысқа жазылған. Өлең мұнды да қайғылы, елін-жерін ойлаған ақынның азы зары естіледі. Ақын шұбыртпалы үйқаспен, мағыналы ойлар бере отырып, сөз тіркестері арқылы, ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітпейтінін ашық айтады. Мұндай адудың өлең тек Махамбетке ғана тән. Өлең жолдарында ереуіл ат, егеулі наиза, тебінгі жер, терлі май, алты малта ас, ат үстінде, өзегі талып, тұн катып, темір қазық, ку толағай сияқты сөз тіркестері бар. Бұл өлең халықты ерлік құрескесе шақырып тұр. Бұл өлең бір ғана бағыныңқылы сабактас сөйлемнен тұратын, шұбыртпалы өлең үйқасымен, 19тармақ, 1 шумак, 17 дыбыстық қайталау үлгісінде жазылған өлең.

Дауысты дыбыс – ассонанс,
Дауыссыз дыбыс – аллитерация.

Жалғыздыққа сәл бой алдырған
кезең

«Мұнар күн» өлеңі.

«Жалғыздық» өлеңі.

«Мұнар күн» ұғымдарын мұнартып көрінген сағымның пайда болуымен түсіндіруге болады. 38 тармақтан, аралас үйқасқа құрылған, 8 буынды, 3 бунақты өлең. Исадай өлгеннен кейін жабырқау көнілмен жазған өлеңі еді. Бұл өлеңде буыршын мұзға тайған күн, бура атанға шөккен күн, буулы теңді шешкен күн, Лашын қуға төңген күн, Корашыл төбет болған күн т.б сөз тіркестері бар. Эпитеттер: «Бұрынғы бакыт тайған күн», «Буыршын мұзға тайған күн», «Мұнар күн», «Шұбар күн» т.б. Бұл елім дег еңіреген ердін бастаған ісінің женіліс тауып тұрған сәті. Күн – мұнар, бұлттан шыққан күн – шұбар. Бура атанға шөккен соң ақырзаман емей немене? Ақын жүргегі қан жылайды, күн де жылайды, дауыл теріс соғады. Хас бәйттерек жығылған, қылыш балдағынан сынған, дүшпанның көнілі тынған күн. «Буыршын» түйенің бір түрі, табаны бұртік келеді. Ол мұзға таймайды. Егер мұзға тайса жақсылықтың белгісі емес.

Бұл өлең құрылымы өте қысқа жазылған. Исадай қазасынан кейінгі ақынның қүйзеліс кезінде жазған жырлары. 16 тармақ, шұбыртпалы үйқасқа құрылған, 8 буынды өлең. Бұл өлеңде күн мен түн, жалғыздық пен қауым, әділдік пен әділетсіздік қатар алынады. Күн мен айдың жұбын негізге ала отырып, ақын басына түскен трагедиялық жағдайды толық қарама-қайшылық сипатта көрсетіп, оның табиғи қырын ашады. Күн мен түннің ауысуы, жарық пен қараңғылықтың болуы – тіршілік заңы. Ақынның үтқаны – кеңістік атауларын алып, оның мәні мен маңызы арқылы жүргегінің сырын ашуы еді. Өлең соңы

«Бәрін айт та, бірін айт,

Қаумалаған қарындас,

Казакта бар да менде жок» дег аяқталады.

Рабиға Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» зерттеуінде қарындас сөзін бүгінге дейін екі мағынада қолданған дейді. Әдеби нормадағы актив мағынасы «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны». Махамбет өлеңіндегі қарындас сөзі әйел жынысты жасы кіші туысқан емес, өзінің соңына еретін, өзіне демеу болатын туыстарды айтып отыр, қалың ағайынды іздел отыр.

Махамбет поэзиясы – саф таза тілімен, от-жалын шешендік интонациясымен, көркемдік шеберлігімен, жоғары ақындық мәдениетімен, ұлттық дүниетаным терендігімен, суреткерлік қолтаңбасымен өзгешеленеді.

Махамбет өлеңдерінде қолданылатын сөздер: жер-су атаулары, туыстық атауы, қару-жарап, қоғамдық-әкімшілік мәнге ие атаулар, кірме сөздер, жана, ерекше сөздер, сөз тіркестері. Өлеңдерінің такырыбы: ел, халық жайы, замана және адам. Тұр жаңалықтары: шұбыртпалы үйқас, кезекті үйқас.

Өтемістен туған он: Бекмағанбет, Махамбет, Тоқтамыс, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ісмайыл, Сұлеймен, Досмайыл.

ІІІ. Сыныпты үш топқа бөлу.

1-топқа тапсырма.

- 1) «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып, идеясын айт.
- 2) Өлеңнен сөз тіркестері мен көркемдегіш құралдарды тап.

Жауабы. 1.Мәнерлеп оқиды. Бұл өлеңде ақын тек халқына рух беріп, намысын қайрап, құреске шақырады.

2. Сөз тіркестері: ереуіл ат, егеулі найза, алты малта ас, тебінгі жер, түн катып т.б. Ассонанс, аллітерация, риторикалық сұраулы сейлем. (Түсіндіру барысында айтылады.)

2-топқа тапсырма.

- 1) «Мұнар құн» өлеңін мәнерлеп оқы. Өлеңде ақын не туралы айтқан?
- 2) Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін сөздерді тап.

Жауабы.

1. Мәнерлеп оқиды. Ақынның Исатай өліміне арнаған мұн мен өкінішке толы элегиясы

2. Жиі кездесетін сөздер: мырза, ер, оқ, қылыш, дұшпан т.б

1-топқа тапсырма.

- 1) «Жалғыздық» өлеңін мәнерлеп оқы, идеясы не, қай кезде шығарған?
- 2) Өлең құрылышына талда.

Жауабы.

1. (жалғыздықтан жабығу, әділдіктің жоқтығына, замананың қындығына налу, өкіну)Исатай қазасынан кейін жалғыздыққа бой алдырған шакта жазған өлеңі.

тармак,
буынды,
бұнақ,
шұбыртпалы үйқасқа құрылған өлең.

Сабакты қорытындылау.

1. Махамбет кім, ол туралы не білдік? (Ақын, батыр, күйіші, қолбасшы, аруақты ер)

Бұл сөздерді қазақтың бес қаруы садақтың жебесін қорамсаққа салу арқылы топтастыр.

«Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа қонғанда,

Жер қайысқан қол едік» - деп жырлаған еді. Ендеше

Өтемістен туған онды ата. (Уыққа жазамыз)

(Бекмағанбет, Махамбет, Тоқтамыс, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ісмайыл, Сұлеймен, Досмайыл)

2. Ақын өлеңдерінің тақырыбы? (Ел, халық, замана, адам, ерлік)

Фариза Онғарсынованың «Махамбет» өлеңі.

Махамбет...

Білмеймін жел ме, сел ме

Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?

Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбетше сөгер жан кездесер ме?

Махамбет өмір сүрген кезең

V. Шығармашылық жұмыс. «Махамбет рухымен сырласу» тақырыбында өлең немесе ойтолғау жазу.

VI. М.Шаханов «Әке үкімі»

Күтілетін нәтиже:

- ақын өлеңдерінің табиғатын меңгереді;
- ақын шығармашылығының негізгі тақырыптары бойынша ой түйеді;
- ақын өлеңдерін құрылышына талдап үйренеді;
- поэзия туралы мол мағұлмат алады;
- шығарма табиғатына сай мәнерлеп оқуға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Махамбет» энциклопедиясы, Алматы: «Өлкө», 2004 жыл, 610 бет.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: «Арыс», 2010 жыл.
3. «Махамбет әлемі», «Егеулі найза» Зерттеулер. 3-том. Алматы «Арыс», 2003жыл.
4. Махамбет. «Жыр-семсер» Алматы: «Жазушы», 1976 жыл.
5. С.Мұқанов «Халық мұрасы» Алматы, 1974 жыл.
6. «Бес ғасыр жырлайды» Алматы: «Жазушы», 1993 жыл.

ҰСЫНЫСТАР ҮШИН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ӨРКЕНИЕТ» ФЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЦЕНТРА
«ӨРКЕНИЕТ»**



Электрондық почта: kabinet-2020@mail.ru